



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

өлең өрнегі және философия сонымен қоса адамның ішкі психологизімін бірлестіре отыра, қазақ тарихына жаңаша мазмұн мен түр әкелді. Адамның «Ішкі әлемнің» күрделілігін, құндылығын ішкі сапа мәселелерін алға қойды. Адам мінезіндегі сан түрлі қайшылықтарды жеңуде, оған сыртқы ортаның әсерін, онымен қарым-қатынаста бола тұра, адамның «ішкі әлемнің» өзінің-өзі игеруі керек деген идеяны ұсынды. Шәкәрімнің адам жайындағы түсінігі және оны көркемдеп суреттеу тәсілдері қазақ тарихы мен философиясына маңызды өзгерістер әкелді.

Жалпы адам тануда, «Құдайтануда», «Ішкі әлем» жөнінде айтқан ойлары тек қана әдебиет пен философияның ғана сыбағасына тиетін үлес қана емес. Сонымен қоса ұлттық санаға, ұлттың дамуына әсер ететін дәрежедегі идеялар еді. Шәкәрім күн тәртібіне адам сапасын арттырудың, оған қандай мінез- құлықтың әсері және қандай адами құндылықтарды дамыту керек деген мәселелерді қойды. Шәкәрім сыртқы ортаның әлеуметтік жағдайдың адамға ықпалын әсерін анық байқай отыра, сол ортаны, қоғамды, әлеуметтік өмірді өзгерту жағдайына, адамның рухани толыққанды қалыптасқан әсерінің күштілігін мойындайды. Адамның іштей дамуын, ішкі жан дүниесінің өзгеруі, психологиясын, дүниетанымын өзгерту, дұрыстыққа бұруы адамның өз қолында.

Шәкәрім шығармашылығының бір иірімі, Жаратушы мен адам, махаббат адамшылық, адами қасиеттер мен құндылықтар, адамның жекелік дамуының көрінісі деген ойларда жатыр. Шәкәрім оптимизмі де ұлт болашағына қатысты. Оның болашаққа деген үміті зор, ұлттың дамуын, өз ұлтының озық дәстүрлерімен ерекшеліктерін сақтай отыра, оның дамуының қайталанбас көздерін, бағыттарын табуды мақсат тұтты. Ұлттың өткен тарихына сүйене отырып, жаңашылдығы басым жан-жақты ізденістер мен дүниетаным дамытуда көркемдік тәсілдерді кеңінен пайдаланды. Өлең сөздерінің байлығы, сұлулығы қазақ тілінің бай сөздік қорына айналып отырды.

Жалпы алғанда, Шәкәрім шығармаларының басым көпшілігі – поэзиялық шығармалар. Сөз өнерінің осы байырғы түрі – поэзияда, ең алдымен, адам өмірінің қат-қабат қыры мен сыры, қуат берер қуанышы мен қартайтар қайғысы, алға тартар арманы мен жетелер үміті, сәулелі серпін туғызар мұрат-мақсаттары – баршасы көркем бояулармен, сан-қилы ою-өрнегімен көрініс табатыны хақ. Шәкәрім шығармаларының мазмұны бай, түрі мол. Поэзиясында азаматтық лирикасы да, философиялық лирикасы да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да бар, ода, сонет, тарихи баллада, халық өлеңдері түріне жазылған шығармалар да кездеседі. Ақын өзінің шығармаларында дүниенің барлық көріністерін, адам өміріндегі мың алуан құбылыстарды бүкіл болмысымен, барлық жүйке-сезімімен қабылдай білген. Ол жердің сырын, желдің үнін, құстың әнін, адамның арман-қиялымен, мұңымен бірдей түсінді. Ақын мұраларына үңілсек, Шәкәрімнің ақындық жаңашылдығы тыңнан қосқан өлең-өлшем өрнектерінен, өлеңдеріне шығарған әндерінен, үздік композиторлық дарынынан да анық танылатындығын көре аламыз. Осы жағынан қарасақ, Шәкәрім қазақ әдебиетінде ғана емес, дүниежүзілік әдебиетте де өзінің орны бар, шоқтығы биік тұлға деп айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы, Алматы-1997.
2. Нұрғалиев Р. Күретапыр, Алматы-1996.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы

ӘОЖ 94:321.1(574) „14”/„15”

XV ҒАСЫРДЫҢ II-ЖАРТЫСЫ ЖӘНЕ XVI ҒАСЫРДЫҢ I-ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Рысбекова Ақнұр Бақытжанқызы

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы – сан ғасырлық табанды күрестің жемісі. Ата-бабаларымыз заманына қарай саясат жүргізіп, ұрпағының жарқын болашағы үшін жан аямай күресті. Халқымыз талай зар заманның соқпақтарынан өтіп, осы бейбіт күнге де жетті. Бабаларымыздан қалған осы кең байтақ, ұлан-ғайыр қасиетті мекеніміз Қазақстанымызды көркейген, гүлденген өркениетті еліміздегі бейбітшілік пен татулықты сақтап, нығайту бізге міндет.

Биыл еліміз Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауға кірісіп те кетті. Осы шараны өткізу, еліміздің тарихына маңыз беру арқылы жас мемлекетіміздің іргесін бекіте түсеміз. Елбасы Н.Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында «Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр» деген сөздері көп нәрсені аңғартса керек.

Қазақ халқы кеше ғана пайда болған жас халық емес. Біздің тарихи тамырымыз тереңде жатыр. Әлемдік өркениет тарихында зор үлесіміз бар екенін, өркениет көшін бастаған мәдениетіміз, тасқа қашалған әдебиетімізден көре аламыз.

Еліміздің, елдігіміздің қалыптасып дамуына ерекше үлес қосқан ұлы тұлғаларымызды осы мереке қарсаңында ғана емес, әрдайым есте тұтып дәріптеп, ұлықтауымыз аса қажет. Өйткені, олардың ерліктері, өрліктері келешек ұрпаққа үлкен үлгі болып оларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту арқылы халқымызды, оның ішінде өскелең ұрпақты Отанын сүюге тәрбиелеп, өз тарихын танып білуге, өткен тарихты оқи отырып ата-бабаларының ерен ерліктерімен мақтаныш сезіміне бөленулеріне жол ашады. Бұл үшін тәрбиелік маңызы зор көптеген шаралар ұйымдастырылса игі болар еді.

Қазақ хандығы туралы зерттеу еңбектері аса көп емес. Болған күнде де бір-бірін қайталай берген еңбектерді көптеп кездестіруге болады. Кеңестік кезең тұсында тарихымыз тұмшаланып, көптеген шындықтардың беті ашылмай келгені де шындық. Болашақта қазақ тарихына қатысты еңбектер құнды мәліметтерді қамтиды деп ойлаймын. «Мәдени мұра» бағдарламасы, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған іс-шаралар осы олқылықтардың орнын толтырары сөзсіз. Қазақ хандығы туралы көптеген құнды мәліметтер Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде орын алған. XV ғасырдың екінші жартысында Орта Азияның ұлан-ғайыр даласын мекендеген көшпелі ру, тайпа, ұлыстардың басын біріктіріп құрылған Қазақ хандығының шаруашылық дамуы, өндіріс күштерінің өсуі, әлеуметтік жағдайы сияқты хандықтың басты белгілері қалыптасты [1].

Біздің арғы бабамыз байырғы ғұндардың көсемі Мөдеден бастап қазіргі таңға дейінгі екі мың жылдан астам уақытта небір ұлы тұлғалар абыздар мен жыраулар, ғалымдар мен өнер иелері, хандар мен билер, көсемдер мен батырлар мынау кең байтақ даламызда өмір сүріп елдігімізді қорғады.

XV ғасыр қазақ халқының тарихындағы белесті кезең болды. XV ғасырдың екінші жартысында Еуразия даласында қазақ мемлекеті дүниеге келді. Қазақ хандығын құрайтын ру тайпалар «өзбек ұлысынан» Керей мен Жәнібек сұлтандар бастап бөлініп, Батыс Жетісу өңіріне көшіп барып құрылды. Жас жағынан үлкен Керейді қазақтың ханы етіп көтереді. Қазақ хандығы құрамында 200-ден аса ру тайпалар болды [2, 121].

Қазақ мемлекетінің тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих - и Рашиди» еңбегінде қазақ хандығының құрылған уақыты 1465-1466 жылдар деп көрсетілген. Қазақ халқының ұлттық ұраны - Алаш болды.

Керей хан немере інісі Жәнібек ханмен біріге отырып жас мемлекеттің іргесін қалап, үлкен еңбек сіңірді. Керейден соң қазақ тарихындағы айрықша тұлғалардың бірі саналатын Жәнібек хан жеті жыл елді басқарды. Оны қадірлеп елі «әз Жәнібек» деп атады. Ол мемлекеттің құрылымы мен заң жүйесін қалыптастырды.

Керей мен Жәнібектен кейін елді Керейдің ұлы Бұрындық басқарады. Ең бір мазасыз кезеңде билік құрған Бұрындық іскер де батыл басшы болды. Бұрындық хан тақта 30 жылдан астам уақыт отырды.

Керей, Жәнібек және Бұрындақ хандар басқарған тұста Қазақ хандығы өзінің аумағын кеңейтіп, Дешті Қыпшақты қайтарып, мемлекет «Қазақ» атымен аталды.

Бұрындық хан биліктен кеткен соң хан тағына Қасым сұлтан отырды. Қазақтың ұлы хандарының бірі, кемеңгер басшы, дана тұлға Жәнібекұлы Қасым ханның (1445-1518) қазақ тарихында алатын орны ерекше. Қазақ хандарының ішінде атағы дүркіреген, ерлігімен, ақылымен ерекшеленіп дараланған тұлғалысы Қасым хан болды.

Қасым хан Керейдің ұлы Бұрындық ханның тұсында атты әскерді басқарады. Ол қан майдандағы ерлігімен, ақыл, парасатымен, сыртқы саясатта қиыннан жол табар саясаткерлігімен, орақ ауыз шешендігімен ел көзіне ерте түседі. Соған қарамастан, жеке билікке ұмтылмай Бұрындық ханға қалтықсыз бағынады. Тарихшы Мұхаммед Қайдар Дулати «Ол (Қасым) әкесінің үлгісі бойынша барлық жағдайда Бұрындыққа бағынды, соған тәуелді болды» деп жазады. Ел басқаруға қабілетсіз Бұрындық хандығын тастап, Самарқандтағы қызына кеткеннен кейін барып, Қасым 1511 жылдан бастап ресми түрде билікті қолға алады.

Қасым ханның тұсында, яғни билік құрған 1511-1518 жылдар арасында қазақ хандығы өзінің дәуірлеу биігіне көтеріледі. Хандықтың экономикалық және саяси жағдайы жан-жақты нығая түсті. Қасым хан әскери күштерді нығайтты, өз билігіндегі жерлерді кеңейтті. Қасым ханның ел басқарудағы кемеңгерлігіне, халықтың қамын ойлар даналығына риза болған, көрші елдермен арадағы тоқтаусыз қақтығыстардан әбден мезі болған ру, тайпа көсемдері оның қарамағына еніп жатты. Қасым хан билік құрған кезде қазақ халқы өзінің осы күнгі мекен тұрағының негізгі аймақтарын біріктірді. Қасым хан бұрынғы Дешті Қыпшақ жерінде, яғни кең байтақ қазақ далалық кеңістігінде өз үстемдігін нығайтты [3, 118]. Хандықтың шекарасына батыста Жайық өзеніне дейінгі жер, оңтүстік-батыста Сырдың оң бойындағы бірсыпыра қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлау қоныстары Ұлытаудан асты. Оңтүстік-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері) қарады [4, 142]. Қасым хан Мәскеу мемлекетімен терезесі тең дәрежеде дипломатиялық қатынас орнатып, орыстың сол кездегі ұлы князі Василий III - іншімен (1505-1533 жж.) байланыста болып дербес халық ретінде батыс Еуропаға танылды.

Керей хан мен Жәнібек хан тарихта Қазақ хандығының іргесін қалап, шаңырағын көтеруімен ерекшеленсе, Шыңғыс ханның ұрпағы, хандық әулеттің тікелей жалғасы, Жәнібек ханның ортаншы баласы Қасым хан сол хандықты нығайтып, халқының санын көбейтіп, жерін кеңейтіп, даңқын алысқа жаюымен, «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен халық жадында сақталған қазақтың тұңғыш конституциялық құжатының негізін жасауымен әйгілі болған ұлы хан [5, 80-81]. Аталған заң қазақ арсында бұрыннан қалаптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жазылды. Қасым хан хандық билікті нығайтып, қоғам өмірін реттейтін заңдардың қатаң сақталуына ерекше мән берді. Ол хандықтың барлық саласын қамтитын, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне негізделген жаңа заңдар жинағын еңгізді [6, 78]. Бұл заң мұсылман елдерінде жаппай қолданып жүрген ислам дінінің шариғат заңынан өзгешелеу, халқымыздың көшпелі өміріне үйлесімді заң болды. Сондықтан да осы заң Қасым ханның атымен байланыстырылып «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. «Қасым ханның қасқа жолының» қазақ феодалдық қоғамын нығайтуда үлкен маңызы болды [7, 274].

Академик Талас Омарбековтің «Заманы аумалы-төкпелі болса да, Қасым хан Қазақ мемлекетін құқықтық және саяси-әлеуметтік тұрғыдан нығайтуға барынша күш салды. Осы бағыттағы оның реформалары «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен белгілі. Бұл заңдар топтамасы «Құдай жалғыз, хан жалғыз» деген басқару ұстанымын басшылыққа алды. Яғни Қасым ханның мақсаты – билік бір орталыққа, бір адамның қолына шоғырланатын мемлекеттік басқаруды өмірге енгізу болды» [8] деген сөздерінен Қасым ханның елінің, жерінің басын біріктіруді басты мақсат қойғандығын көре аламыз.

Қасым хан тұсында Қазақ хандығының нығайып күшейе түсуі мемлекеттің беделін арттырып, сыртқы саясатта айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. «Қазақтың жерлерін жинақтаушы» деген атқа ие болған Қасым хан Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулатидің пікірлерінше жаужүректілігімен әрі соңынан басқаларды ерте алатын қабілетімен, қолбасшылық дарынымен, даралығымен ерекшеленген.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтың тұңғыш саяси партиясының ұйымдастырушы, Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханұлының «Қасым хан бүкіл қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күшке ие болды. Қарауындағы халықтың бақытына орай, ол өзінің бейбітшілік сүйгіш саясатымен халықтың махаббатына бөленді. Осы бейбітшілік сүйгіштігімен Қасым хан халықтар арасында ерекше әйгілі болды» деген сөздерінен Қасым ханның даралығын, даналығын көруге болады.

Қорыта айтқанда, XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде билік құрған ұлы тұлғаларды, тұлғалар арқылы мемлекеттілікті сіңіру өте маңызды. Осы жолда көркемдік деңгейі жоғары деректі және көркем фильмдер түсірілсе игі болар еді. Ел тарихындағы әйгілі тұлғалардың өмір-тіршілігі, арман-аңсары келер ұрпағы үшін ғибрат болары сөзсіз. Алдыңғы буын тұлғалардың өнегелі істері кейінгі буын арқылы жалғасын тауып жатса ұрпағының жан жүрегіне мақтаныш сезімі ұялап, ұлттың мәдени-рухани жағынан алға жылжуына себепкер болады.

Елбасы Н.Назарбаевтың Ұлытауда берген сұхбатында: «Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз. Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түркілерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек» деп айтқан сөздері тарихымыздың тамырының тереңде жатқанын білдіреді. Сол тарихты өскелең ұрпақтың бойына сіңіру аса қажет. Халқымыздың тарихында өшпестей із қалдырған, ұлы тұлғалардың есімі халықтың санасына өшпестей болып сіңіп, ұрпағының алдында абыройы асқақтап биіктей түсуде. Ұлы тұлғалардың қазақ хандығын күшейтудегі, қазақ мемлекеттігін нығайтудағы сіңірген еңбектері, өнегелі жолдары қазақ тарихында ойып орын алатындығы сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Егемен Қазақстан, № 51 (28529), 18 наурыз, 2015 жыл.
2. Е.Дәуенов. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша пән олимпиадасына дайындық кезінде жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға арналған оқу құралы. – Павлодар, 2012, - 522 б.
3. Жұмақаева Б.Д. Қазақстан тарихы. - Алматы: Эверо, 2011, 320 б.
4. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Оқулық. 4 - ші басылым. – Алматы: ЖШС «Издательство Норма - К», 2008, - 640 б.
5. Елтұтқа. Оқу құралы/Құраст. М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. – Астана: Күлтегін, 2012, - 296 б.
6. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Оқулық. - Алматы: «Алматы кітап», 2007.- 264 бет.
7. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Кітап, 2010, - 336 б.
8. Ана тілі. №4 (1262), 29 қаңтар - 3 ақпан, 2015 жыл.

УДК 94.

УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В КАЗАХСТАНЕ

Шаймуханова Д.